

ISSN 1999-4214 (print)  
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

# ХАБАРШЫСЫ

---

---

## ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО  
ГУМАНИТАРНОГО  
ИНСТИТУТА

## BULLETIN

OF THE EURASIAN  
HUMANITIES  
INSTITUTE

№1/2025

Жылына 4 рет шығады  
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год  
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year  
Began to be published in 2001

Астана, 2025

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты  
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
философия докторы (PhD)

#### Редакция алқасы

<b>Аймұхамбет Ж.Ә.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Ақтаева К.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
<b>Әбсадық А.А.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
<b>Есиркепова К.Қ.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Жүсіпов Н.Қ.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
<b>Курбанова М.М.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
<b>Қамзабекұлы Д.</b>	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Құрысжан Л.Ә.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
<b>Онер М.</b>	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
<b>Пименова М.В.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
<b>Сенмез О.Ф.</b>	философия докторы (PhD), профессор, Токал Газиосманпаша университеті, Токал, Туркия

**Редакцияның мекенжайы:** 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4  
**Телефон/факс:** (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.  
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»  
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022  
Басуға 27.03.2025 ж. қол қойылды. Пішімі 60\*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.  
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89  
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени  
А.К. Кусаинова

Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**  
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени  
А.К. Кусаинова

#### Редакционная коллегия

<b>Аймухамбет Ж.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Актаева К.</b>	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
<b>Абсадық А.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
<b>Есиркепова К.К.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Жусипов Н.К.</b>	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
<b>Курбанова М.М.</b>	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
<b>Камзабекулы Д.</b>	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Курсыжан Л.А.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
<b>Онер М.</b>	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
<b>Пименова М.В.</b>	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
<b>Сенмез О.Ф.</b>	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

**Адрес редакции:** 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4

**Телефон/факс:** (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.

Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».

Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Подписано в печать 27.03.2025 ж. Формат 60\*84 1\8. Бум. типогр.

Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89

Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

#### **Editorial Board**

- Aimuhambet Zh.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Aktayeva K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
- Absadyk A.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Bredikhin S.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
- Гайнуллина Ф.А.** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
- Yermekova T.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
- Yesirkerova K.K.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Zhusipov N.K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
- Kurbanova M.M.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
- Kamzabekuly D.** Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Kuryshzhan L.A.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
- Oner M.** Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
- Pimenova M.V.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
- Seifullina F.S.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
- Senmez O.F.** (PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

**Editorial address:** 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

**Tel/Fax:** (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 27.03.2025 Format 60 \* 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

---

## МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

### ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

БЕРГІБАЕВА Д.Қ., КЕНЖЕҒАЛИЕВ С.А., ӨМІРБЕКОВА Ж.Қ.	Жеке тұлғаның ділдік лексиконы	7
ЕРҒАЛИЕВ Қ.С., САРЫБАЕВА Б.Ж., УАЙХАНОВА М.А.	Ұлттық құндылықтардың интернет-түсіндірмелердегі көрінісі: дәстүр мен жаңашылдық	16
КЕМБАЕВА А.Т., ЖҰБАЙ О.С., ЖАКИПОВА М.Н.	Тілдік тұлға дискурсындағы когезия мен ретроспекция тәсілдері	25
MURATBAIEVA I.S., ABDRAKHMANOVA ZH.A.	Colorative vocabulary as a term-forming component in the composition of metaphorized terms (using the example of the adjective «golden»)	35
САДЕНОВА А.Е., АЙТБАЕВА Б.М., КАРЫБАЕВА С.Е.	Тіл меңгертудегі диалогтардың деңгейлік динамикасы	44
ШАЛШЫКБАЕВА Г.О., ДҮЙСЕКОВА К.К., БАКТИЯРОВА Р.М.	Авиация кәсіби дискурсының конститутивтік ерекшеліктері	54

### ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АБДИКАРИМ Н., АСҚАРОВА А.Ш., ҮМБЕТБЕКОВА К.М.	Абай өлеңдерінің поэтикалық ішкорпусын құрудың маңыздылығы	64
ABDYKHANOVA G.T., ABDYKADYROVA T.R., AGABEKOVA ZH.A.	M.KH. Dulaty and the people of art	73
АБИШЕВА Ш., КЕНБАЕВА А.З., ӘБДІМАНАПОВА М.Б.	Топонимдік аңыздар ертегілік емеспрозаның ерекше жанры ретінде (түркі халықтарының топонимдік аңыздары мысалында)	89
АЙТУГАНОВА С.Ш., САРСЕМБАЕВА С.А.	Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі симулякрдың көркемдік қызметі (Д. Жылқыбайдың әңгімелері негізінде)	100
ӘБДІҒАППАРОВА Ж.Ж.	Отарлық кезеңдегі діни ахуал және Шайыр Шәдінің «Назым Сияр Шәриф» дастаны	110
ҚАЙЫРБЕКОВА А.Қ., ТАКИРОВ С.У., ТОЛЕУБАЕВА К.А.	М. Мағауин прозасының танатопоэтикасы	121

ҚОҢДЫБАЙ М.М., ӘБДИМАНҰЛЫ Ө., ТИРАДО Р.Г.	Әнші-ақындар шығармашылығындағы сипатының көркемдік ерекшелігі	сұлулық	132
САУРЫҚОВ Е.Б., ТАМАБАЕВА Қ., ЕЛУБАЕВА Р.	Шерхан Мұртаза мен Шәкәрім Құдайберді діни тұжырымдарындағы ортақ сарындар		142
СЕЙІТМАН С.М.	Абай елі мен алаш қаласының рухани сабақтастығы және қазақ поэзиясындағы бейнесі		155
ТҰЯҚБАЙ Т., ТҰЯҚБАЕВА Р.	Абай мен Гёте: данышпандар диахрониясы		165

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ –  
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ –  
METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

АУҒАНБАЕВА М.С., МАМАЕВА Г.Б.	Студенттердің сөйлеу мәдениетін дамыту әдістері		175
ТАУБАҒАЕВ З.Т., SULTAN Y., DAUTOVA G.R.	The role of artificial intelligence in forming stereotypes in intercultural communication		185

Г.О. ШАЛШЫКБАЕВА<sup>1</sup> К.К. ДҮЙСЕКОВА<sup>2</sup> \*Р.М. БАКТЯРОВА<sup>3</sup> 

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,  
Қазақстан, Алматы<sup>1,3</sup>

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан<sup>2</sup>

(e-mail: [gulbakhit\\_69@mail.ru](mailto:gulbakhit_69@mail.ru)<sup>1</sup>, [kuliash@yahoo.fr](mailto:kuliash@yahoo.fr)<sup>2</sup>, [rai\\_bah@mail.ru](mailto:rai_bah@mail.ru)<sup>3</sup>)

## АВИАЦИЯ КӘСІБИ ДИСКУРСЫНЫҢ КОНСТИТУТИВТІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Аңдатпа.** Мақалада институционалдық дискурс түрлерінің бірі кәсіби авиация дискурсының конститутивтік ерекшеліктері қарастырылады. Тақырыптың өзектілігі авиация дискурсының маңыздылығы артуымен, оның қоғам өміріндегі маңыздылығымен және оның конститутивтік белгілерінің динамикалық сипатын ескере отырып, осы дискурсты даму динамикасында қарастыру қажеттілігімен анықталады. Дискурстың құрылымдық ерекшелігін қарастыру нәтижесінде авиация дискурсының конститутивтік белгілері айқындалады.

Мақалада кәсіби дискурс адамдар арасындағы коммуникативтік қарым-қатынас пен танымдық үрдістері белсенділігінің нәтижесі ретінде қарастырылады. Кәсіби дискурс сөз әрекеті ретінде түрліше жолдармен жүзеге асатыны және қарапайым сөз әрекетінен ерекше болып табылатыны пайымдалады.

Кәсіби дискурсты талдау белгілі бір кәсіптік салаға тән тілдік белгілерді, оның коммуникативтік ерекшеліктерін, қатысым тәжірибелерін зерттеуді қамтиды. Талдаудың мақсаты – мамандардың кәсіби іс-әрекет барысында тілді қолдану ерекшеліктерін анықтау болып табылады. Сондай-ақ, мақалада кәсіби дискурстың кейбір лексикалық, синтаксистік және просодикалық ерекшеліктерінің сипаттамасы берілген, бұл мақаланың практикалық маңыздылығын көрсете алады.

Мақалада авиация кәсіби дискурсының бірқатар жинақ белгілері қарастырылады, авиация дискурсының ерекше сипаты анықталады. Авиация дискурсының мұндай ерекшеліктерін зерттеу арқылы осы саладағы қатысым әрекетін тиімді түрде жүргізу мүмкіндігі айтылады.

**Түйін сөздер:** кәсіби дискурс, авиация дискурсы, конститутивтік ерекшеліктер, кәсіби сала, қатысым.

**Кіріспе.** Қазіргі кезде жаһандану үрдісіне байланысты еліміздің басқа елдермен әртүрлі бағыттар, салалар бойынша қарым-қатынастары көбеюде, сондықтан әуе көлігінің, яғни авиацияның маңыздылығы артуда. Қазақстан көптеген елдермен авиацияны орнатқан, әртүрлі авиабағыттар бойынша халыққа қызмет көрсетілуде.

Авиация саласының динамикалы түрде дамуы авиация тіліне, дискурсына басты назар аударуға себеп болуда, өйткені қай сала болмасын тиімді қызмет етуі тікелей тілге, қатысымға байланысты болып табылады.

Мақалада қазіргі тіл біліміндегі дискурс мәселесі қарастырылады. Лингвистикада дискурс күрделі құрылым ретінде жан-жақты талқылануда, себебі бұл сала үнемі өзгерістерге ұшырап отыратын динамикалық зерттеу өрісі болып табылады. Соның ішінде кәсіби қатысымда жүзеге асатын кәсіби дискурс қоғам өмірінде аса маңызды орын алады.

Аталмыш мақалада кәсіби дискурсты зерттеуге арналған шетелдік және қазақстандық ғалымдардың ізденістері сараланады.

Мақалада ең алдымен дискурс пен кәсіби дискурстың, сондай-ақ кәсіби дискурстың арнайы түрі ретіндегі авиация дискурсының мазмұны, оның қазіргі институционалдық дискурстар типологиясындағы алатын орны және негізгі конститутивтік ерекшеліктері қарастырылады. Зерттеудің дереккөздері ретінде халықаралық авиация саласындағы басылымдар, сайттар және кәсіби мәтіндер алынды.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Мақалада сипаттама беру, дискурстық талдау әдістері қолданылды. Талдаудың мақсаты – мамандардың кәсіби іс-әрекетті орындау барысында орын алатын қатысым тіліндегі ерекшеліктерді анықтап, зерттеу болып табылады. Кәсіби дискурсты талдаудың негізгі аспектілері:

1. Жанрлар мен форматтар, берілген мамандыққа тән әртүрлі дискурсивтік форматтарды (мысалы, есептер, аналитикалық мақалалар, нұсқаулар) зерттеу.

2. Қарым-қатынас стилін, оның ішінде формальдылықты, объективтілікті және риторикалық құралдарды пайдалану жолдарын зерттеу.

3. Функционалдылық, яғни кәсіби қарым-қатынас түрлерінің мақсаттары мен қызметтерін анықтау (ақпарат беру, сендіру, бұйыру және т.б.) және кәсіби мәтіндерді талдау.

4. Осы салада қолданылатын арнайы кәсіби лексика мен терминдерді топтау.

5. Әлеуметтік-мәдени контекст, кәсіби дискурсқа ықпал ететін мәдени және әлеуметтік факторларды айқындау.

Кәсіби дискурсты жан-жақты талдау осы саланың мамандарының өзара сөз әрекетін, қатысымын тереңірек зерттеуге және кәсіби ортада қатысымды тиімді түрде құруға ықпал етеді.

**Талқылау мен бақылау.** Ең алдымен жалпы дискурсқа тоқталсақ, ХХ ғасырдың екінші жартысында отандық және шетелдік лингвист ғалымдардың зерттеулерінде дискурс мәселелеріне көп көңіл бөліне бастады. Қазіргі кезде лингвистикада француз ғалымы М.Фуконың лингвистикалық еңбегінде [1], айтылымның барлығының жиынтығы ретіндегі дискурс идеясы барған сайын кең өріс алатындығы мысалдармен талданған. Жалпы француз лингвистері дискурсты жазба сөз бен ауызекі сөздің нақты қолданысы, күрделі сөз әрекеті, сөз актісі, тұлғаралық қатысым ретінде қарастырады. Сондай-ақ лингвистикада белгілі ғалым Т. Ван Дейк [2] дискурсты бір жағынан коммуникативтік оқиға, екінші жағынан коммуникативтік іс-әрекеттің жазбаша немесе ауызша нәтижесі ретінде қарастырады.

Орыс ғалымдарының еңбектерінде дискурс өмірмен біте қайнаған қатысым ретінде анықталады. Мысалы, Е.С.Кубрякова дискурсты «нақты уақыттағы адамның әлеуметтік қызметінің белгілі бір түрін бейнелейтін тілдік айтылым, тілдің қолданысы» [3, 525] – деп түсіндіреді.

В.Е. Чернявскаяның айтуынша, «дискурс қоғамдық тәжірибенің тілдік көрінісі, тілдің ерекше тәртіппен реттелген және жүйеленген қолданысы болып табылады, дискурстың негізін ерекше идеялық және ұлттық-мәдени менталитет құрайды» [4, 150].

Ғалым В.В. Красных дискурсты біріншіден, әлеуметтік-мәдени, саяси, прагматикалық-жағдаяттық, психологиялық және басқа да (конститутивтік немесе түпкі) факторларымен (тікелей не жанама) анықталатын күрделі әлеуметтік лингвистикалық құбылыс ретінде таниды, екіншіден, «көрнекі» – лингвистикалық (когерентті мәтін немесе мәтіннің мағыналық және синтаксистік тұрғылардан аяқталған бөлігі) және экстралингвистикалық құрылым (мәтінді түсіну үшін қажетті білімдер, пікірлер, көзқарастар, адресаттың мақсаттары), үшіншіден, дискурс барысында құрылатын ортақ қауымдастық (тыңдаушы, оқырман және т.б.) ретінде анықтайды [5, 13].

В.И. Карасиктің пікірі бойынша, «дискурс – мәтін мен қатысым жағдаятының бірлігі, яғни дискурс әлеуметтік лингвистикалық нысан ретінде және адамдардың әлеуметтік тобына немесе типтік сөз-мінез-құлық жағдайына қатысты қарастырылатын қатысым ретінде анықталады» [6].



Il est indiscutable que les études consacrées aux problèmes de l'appartenance sociale et de la concrétude du discours dans le contexte de l'orientation discursive ont reçu une suite dans la considération de l'expérience de la parole et ont commencé à se développer au sein de la méthode linguistique moderne visant l'étude de la communication de la parole. Conformément à cela, on peut noter que dans la littérature scientifique moderne, le terme de discours est très souvent utilisé, dans le sens par le terme d'expérience discursive [7].

Сонымен, жоғарыда келтірілген бірқатар ғалымдардың тұжырымдарына сай дискурс белгілі бір әлеуметтік-мәдени, саяси және идеологиялық тәжірибенің тілде көрініс табуы ретінде қабылданады және осы тұрғыдан зерттеледі. Дискурс ауызша және жазбаша түрдегі, белгілі бір когнитивті және жеке кеңістікте жүзеге асатын нақты қатысым әрекеті ретінде анықталады. Ол белгілі бір мақсат-мүддеге бағытталған, қатысым әрекеті ретінде нақты бір әлеуметтік ортада, жағдаятта, уақытта, кеңістікте жүзеге асады және өзіндік стереотиптері, ережелері, ритуалдары бар. Яғни, дискурсты сипаттау үшін әлеуметтік белсенділік түрін көрсететін құрамдас бөлікті және дискурсивті белсенділік жүзеге асатын «ортасын» айқындау қажет.

Осы тұста әлеуметтік орта дискурсы, яғни кәсіби дискурс тақырыбына келсек, бұл белгілі бір қызмет, кәсіп саласында, іс-әрекеттер барысында жүзеге асатын дискурс, яғни белгілі бір кәсіп аясындағы адамдардың институционалдық қарым-қатынас құралы болып табылады. Осылайша, кәсіби орта кәсіби қатысымның ерекше түрі ретіндегі кәсіби дискурс белсенділігінің көріну ортасы болып табылады.

Көптеген ғалымдардың анықтамасында, кәсіби дискурс институционалдық дискурстың бір түрі болып табылады, яғни институционалдық дискурс ұйымдық және кәсіби дискурс түрлеріне қатысты жалпы жинақ ұғым болып табылады. Институционалдық дискурс бір жағынан кәсіби қауымдастық мүшелерінің сөз әрекеті болса, екінші жағынан ол сол ұжым мүшелерін, кәсіби қауымдастықты қалыптастыратын, ұйымдастыратын және біріктіретін, әлемнің кәсіби бейнесін қалыптастыруға әсер ететін тілдік қатысым. Бұл белгілі бір қоғамның және әлеуметтік институттың нормаларымен шектелген, институционалдық мәнмәтінге, жағдаятқа сәйкес стильді таңдаумен сипатталатын адамдар арасындағы реттелген қатысым ретінде танылады.

Сонымен, институционалдық дискурс тілдік жүйені, сөз әрекетін, арнайы лингвистикалық және экстралингвистикалық құралдарды және мәтіндерді қамтитын құрылым болып табылады. Яғни, институционалдық дискурс – белгілі бір әлеуметтік институт аясында арнайы рөлдерге ие адамдардың белгілі бір мақсат-міндеттерге жету үшін жүзеге асыратын нормаға сай сөз әрекеті.

Әрі қарай кәсіби дискурсты институционалдық дискурстың бір түрі ретінде қарастыра келе оның құрылымдық компоненттеріне тоқталсақ, көптеген ғалымдар бұларға қарым-қатынасқа қатысушыларды, қатысым мақсатын, негізгі құндылықтарын, стратегияларын, қатысым тақырыбын, жанрлық және дискурсивті формулаларды, қарым-қатынас әдістері мен материалдарын, т.б. жатқызады.

Лингвист В.И. Карасик дискурстың конститутивтік белгілеріне сөз әрекетіне қатысушылар, шарттар, ұйымдастыру, қатысым әдістері мен материалы, адамдардың статустық-рөлдік және қатысымдық рөлдері, қарым-қатынас саласы мен ортасы, мотивтері, мақсаттары, стратегиялары, арнасы, режимі, стилі мен жанры және вербалды/бейвербалды белгілерді жатқызады [8, 15].

Е.И. Голованова кәсіби қарым-қатынас жағдайларының маңызды өлшемдері ретінде қарым-қатынастың мақсаты мен мотивтерін, қатысымға қатысушылардың статусы мен рөлдік сипаттамаларын, қатысым модальділігі/тоннын (ресми, бейтарап, достық), қарым-қатынас әдісін (ауызша немесе жазбаша, тікелей немесе қашықтан жүзеге асатын қатысым) қарастырады [9, 34].

Ресейлік ғалымдар Е.С. Кубрякова мен А.А. Кибриктің зерттеулеріндегі [10], пайымдамаларына сүйене отыра, кәсіби дискурсты динамикалық тип ретінде анықтаймыз және оның маңызды аспектілері ретінде процессуалдық әрекеттерді жүзеге

асыру құралдарын, осы қызметті орындаушыларды және олардың мақсаттарын бөліп қарастырамыз.

Сонымен, кәсіби дискурс сөз әрекеті ретінде түрліше жолдармен жүзеге асатынын және қарапайым сөз әрекетінен ерекше болып табылатынын пайымдауға болады. Кәсіби дискурс белгілі бір мақсатты көздейді, ал өзара сөз алмасу барысында нақты жағдаятқа орай қосымша міндеттер де жүзеге асады.

Жоғарыда айтылған ойларды жинақтай келе, кәсіби дискурстың басты сипаттарын анықтаймыз:

1) ақпарат алушы және ақпарат беруші болуы (тікелей/тікелей емес қатысымда), мұнда сөз серіктесінің ең болмаса біреуі белгілі бір сала маманы болуы тиіс);

2) кәсіби кеңістік/аумақ болуы (кәсіби іс-әрекет жүзеге асатын орын, кеңістік, кәсіпорын, мысалға алсақ әуежай, зауыт т.б.);

3) арнайы лексика қолданылуы (терминология, жаргондар, клишелер, аббревиатуралар, символдар);

4) сөз серіктестерінің белгілі бір мақсат-мүдде көздей қатысым жасауы.

Авиациялық дискурсқа келетін болсақ, бұл дискурсты меңгеру авиациялық индустрияда қауіпсіздік пен тиімділікті қамтамасыз ету үшін өте маңызды. Авиация дискурсы бұл авиацияға және авиация индустриясына қатысты ұғымдар мен теминдер, арнайы техникалық тіл қолданысы, кәсіби сөз әрекеті болып табылады.

Ғалым А.Ж. Суюнбаева авиация дискурсына берілген анықтауында: «Являясь разновидностью языка для специальных целей, язык авиации выполняет три важнейших функции: коммуникативную, связанную с обменом информацией и обеспечением адекватного взаимодействия специалистов, когнитивную функцию, проявляющуюся в способности фиксировать результаты теоретической и практической познавательной деятельности в данной сфере, информативную функцию, выражающуюся в способности хранить и транслировать накопленный опыт» [11, 73] – деп, авиация тілінің ерекшеліктеріне назар аудартады.

Ғалым В.И. Карасик авиациялық кәсіби дискурсын басты екі бағытқа бөліп қарастырады:

1. «классикалық» дискурс түрі, онда мекеменің «агент – клиент» екіжақты дискурсы жүзеге асады, яғни институттың толыққанды өкілі және өз мәселесін шешу үшін осы институтқа жүгінген немесе институттық ықпал ету объектісі болып табылатын тұлға (ұшқыш пен жолаушы, авиатор және журналист);

2. «кәсіби» дискурс түрі, онда сөз серіктестері институционалдық теңдікпен сипатталады, мысалы, кәсіпқойлар арасындағы қарым-қатынас (ұшқыш пен механик, бірінші ұшқыш пен штурман т.б.) [7].

Авиация кәсіби қатысымы ауызекі, жазба, электронды түрлерінде дамуда; стандартты немесе стандартты емес кәсіби жағдайларда іске асуда, жаңа жанрлары пайда болуда. Жаңа түрлеріне интернет арқылы жүзеге асатын әрекеттестіктер жатады, әртүрлі интернет-конференциялар, форумдар, вебинарлар, электронды хабарламалар, мәлімдемелер, чаттар, презентациялар, авиаторларды интерактивті тестілеу т.б. Аталған жанрлар әрқайсысы өзіндік ерекше сипатқа ие, мысалға алсақ, қатысушылар арасындағы біржақты қатысым немесе кейбір түрлерінде кері байланыстың жауаптың болмауы. Жазба түріндегі қатысым бейресми (SMS, блог, чат), ресми (e-mail, хаттар, бейнеконференция, форум т.б.) форматтарда көбеюде, құзыретті маман осы қатысым түрлерін меңгеруі тиіс.

Авиациялық дискурста қатысым күндіз де, түнде де әртүрлі кеңістікте, орында (әуежай, ұшақ, кабина, кеме борты т.б.) жүзеге асады. Қазіргі кезде авиациялық дискурстың кеңістік-уақыт аясы кеңейіп, өзгеріп жатқанын байқауға болады. Бұл өзгерістер негізінен ғылым мен технология дамуымен байланысты болып отыр.

Авиациялық дискурс институционалдық кәсіби дискурстың бір түрі болып табыла отыра, техникалық, кәсіби және ауызекі тіл элементтерін қамтитын кәсіби фразеологизмдер мен авиациялық техникалық терминдерді қолданумен ерекшелінетін сала. Ол бірнеше құрылымдық аспектілерді қамтиды:

1. Әуе навигациясы: Ұшуды басқаруға, бағдарлауға және навигациялық жүйелерді пайдалануға қатысты шарттар мен рәсімдер.

2. Техникалық қызмет көрсету: әуе кемелерінің әртүрлі жүйелері мен құрамдас бөліктерінің, сондай-ақ оларға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын сипаттайтын арнайы терминдер.

3. Әуе қауіпсіздігі: авиациялық қауіпсіздікке қатысты терминология мен хаттамалар, соның ішінде төтенше жағдайлардағы іс-әрекет.

4. Реттеу және сертификаттау: ұшқыштар мен техниктерге арналған лицензиялық талаптар және авиациялық ұйымдардың стандарттары (мысалы, ICAO, FAA, EASA сияқты ұйымдардың құқықтық және реттеуші құжаттары).

5. Радиобайланыс: Ақпараттың анық және түсінікті берілуін қамтамасыз ету үшін әуе кемелерінің экипаждары мен әуе қозғалысын басқарушылар арасындағы стандартталған байланыс форматы.

Яғни, көптеген ғалымдар авиациялық дискурстың конститутивтік белгілеріне келесі негізгі элементтерді енгізеді:

1. Арнайы терминология, яғни кәсіби коммуникация барысында өзара түсінушілікті қамтамасыз ету үшін нақты терминдер мен аббревиатураларды пайдалану.

2. Стандарттау және реттеу, қатысымды бірегейлендіру үшін қабылданған халықаралық стандарттар мен хаттамалар (мысалы, ИКАО стандарттары).

3. Контекстке тәуелділік немесе байланыстылық, авиацияда қолданылатын лексика мен фразеология контекстке (мысалы, ұшу фазалары, нақты операциялар немесе жағдайлар) байланысты болады.

4. Хабарландырулардың анықтығы, әсіресе радиобайланыста, түсініспеушіліктердің алдын алу үшін әрбір деталь маңызды.

5. Ағылшын тілін халықаралық авиациялық байланыс стандарты ретінде пайдалана, бұл әртүрлі елдердің өкілдері арасындағы өзара іс-әрекетті, қатысымды жеңілдетеді.

6. Өзгермелі жағдайларға және күтпеген жағдайларға тез бейімделу мүмкіндігі (мысалы, төтенше жағдайлар кезінде).

7. Мамандар білімдері мен дағдыларына қойылатын талаптар, мамандандырылған дайындық пен үздіксіз кәсіби даму қажеттілігі.

8. Технологиялық интеграция, тиімділік пен қауіпсіздікті арттыру үшін заманауи технологиялар мен жүйелерді пайдалану (мысалы, ұшуды басқару жүйелері, навигациялық жүйелер). Бұл атрибуттар барлық қатысушы тараптар арасында анық және тиімді байланыс арқылы авиациялық индустрияда жоғары кәсібилік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

**Нәтижелер.** Сонымен жоғарыда айтылған ойлар мен сипаттамаларды қысқаша қорыта кетсек, авиациялық дискурс келесі басты белгілерге негізделген:

1) қатысушылар – осы саланың мамандары (авиатор, ұшқыш, бортинженер, авиаконструктор, стюард, стюардесса т.б.); қатысушылар арасындағы қатысым әлеуметтік статус пен қарым-қатынас нормалары аясында жүзеге асырылады;

2) авиациялық дискурс құндылықтары осы дискурстың негізгі ұғымдарын – кәсіби қатысымның нақты нормаларында көрініс табатын ұшу қауіпсіздігін, тиімділігін, қызмет сапасын қамтамасыз ету;

3) авиациялық дискурстың стратегиялары оның мақсатынан туындайды - қауіпсіз ұшуды және әуе кемесінің сапалы жұмысын қамтамасыз ету;

4) авиациялық дискурста ерекше мәнге ие бұйрық, кеңес, ұсыныс, нұсқау, тыйым ретінде көрсетілген «директивалар» болуы;

5) авиациялық дискурста әртүрлі ауызша және жазбаша жанрлар ажыратылады: а) репортаж, б) хабарлама в) радиоалмасу, г) әуе кемесінің жай-күйін тексеру туралы анықтамалар, д) есеп, е) бұйрық, е) жұмыс сипаттамасы, ж) тәртіп және т.б.

Авиациялық дискурс кәсіби және ауызекі тіл элементтерін біріктіретін, кәсіби лексика, яғни арнайы фразеологизмдер мен терминдерді қолданумен байланысты ерекшелікке

ие. Авиацияда маңызды ақпаратты жеткізу үшін стандартты фразеологиядан құралған арнайы тіл қолданылады [12].

Авиация саласындағы терминдерге тоқталып өтсек, ол нормативтік бірліктер – ресми кәсіби терминдер мен атаулардан құралады, бірнеше мысалдар келтірсек:

**Roger** - бұл термин “хабарламаны түсіндім” дегенді білдіреді.

**Mayday** – бұл халықаралық белгі қауіпті жағдайды білдіреді, үш рет айтылады.

**Pan-pan** – бұл да халықаралық белгі, апат жағдайын хабарлайды.

**Direct** – ұшқыш берілген пунктке тікелей ұша алатыны туралы нұсқау.

Авиацияда қысқа және нұсқа ақпарат беру мақсатында **аббревиатуралар** кеңінен қолданылады. Аббревиатура қолдану әсіресе оқыс және төтенше жағдайлар кезінде ерекше қажет. Бірнеше мысалдар келтірсек: **ATC** (Air Traffic Control) - Әуе қозғалысын басқару.

**AIM** - Aeronautical Information Manual – Аэронавигациялық ақпарат қамтылған нұсқаулық

**FL** - Flight Level – Ұшу деңгейі

Авиацияда арнайы сөздік қолданылуымен қатар авиациялық радиоалмасуда мынадай просодикалық өзгешеліктер орын алады:

1) Сандардың қолданылу және айтылу өзгешелігі.

2) Баяу сөйлеу, радиотелефонияда ИКАО құжаттары бойынша минутына 100 сөзден аспауы керек;

3) Бір айтылымдағы ақпараттың шектеулі көлемі және сөз жылдамдығы нормасын сақтау үшін үшін әрбір интонациялық топтан кейін логикалық үзілістер;

4) Радиотелефон байланысының орфографиялық алфавиті: А – Alfa ['ælfə]; В – Bravo [ˌbrɑːˈvəʊ]; С – Чарли ['tʃɑːli]; D – Delta ['deltə].

Жоғарыда айтылған ойларға қысқаша сипаттама ретінде француз ғалымы Стефани Лопездің ойын келтірсек: «Әуе трафигінде қауіпсіз және тиімді жұмыс атқару үшін арнайы фразеология қолдану аса қажетті құрал болып табылады» [13].

**Қорытынды.** Қорыта кетсек, кәсіби дискурсқа қатысушылар белгілі бір қатысым міндеттерін орындау үшін сөз әрекетінің ерекше жиынтығын қолданады. Авиациялық дискурс және авиация тілі де өзіндік тілдік ерекшеліктерге ие. Жалпы авиация кәсіби дискурсының бірқатар жинақ белгілерін атауға болады, яғни, баяндаудағы ықшамдылық, жинақылық, тілдік құралдардың үнемді пайдаланылуы, берілген дискурсқа тән клишелердің қолданылуы, мәтіндерде арнайы терминологияның, лексика мен фразеологизмдердің, қысқартылған сөздер мен аббревиатуралардың болуы. Мұндай әртүрлі деңгейлердегі ерекшеліктер авиация дискурсының ерекше сипатын көрсетеді. Авиация дискурсының мұндай ерекшеліктерін білу, зерттеу арқылы қатысым әрекетін тиімді түрде жүргізуге мүмкіндік болады. Аталған мақалада авиация дискурсының конститутивтік ерекшеліктерін айқындау үшін, жалпы лингвистикадағы дискурс және оның түрлеріне қатысты пікірлер, тұжырымдар жинақталып беріліп, дискурстың өзіне тән белгілері көрсетілген.

«Дискурс» термині француз тіліндегі «discurs», «сөйлеу», ағылшын тілінде «discourse» – «талқылау, сөйлеу» деген мағынаны білдірсе, қазіргі кезде «айтушыға, сөйлеушіге меншіктелген сөз» деген мағынаға ие. «Дискурста мән, құндылық, бейне, пікір, менталды және виртуалды білім тасымалданады. Сондықтан да ол лингвистиканың да, философияның да, әлеуметтанудың да, психологияның да және өзге де пәндердің зерттеу нысаны бола алады» [14, 210]. Негізгі өзекті болып отырған мәселе, дискурстың түрі – авиациядағы дискурс. Әуе қозғалысын басқару қызметі оңай емес, әуеде ұшақ өз жұмысын тоқтатса не жағдай болатындығын көзге елестетудің өзі қорқынышты. Төмендеуге бет алған қарсы немесе қиылысатын тұстарда үлкен жылдамдықта ұшып бара жатқан басқа да ұшақтар апатты жағдайда қалар еді. Осындай сәттерде авиациялық диспетчер жақсы түсінуге, нақты шешім қабылдап, дұрыс бұйрық беруге міндетті. Яғни, авиадиспетчер қызметі қауіпті де жауапты мамандықтардың бірі. Авиадиспетчердің есте сақтау қабілетімен қоса, жан-

жақты ойлау, алдын ала болжау қабілеті жоғары деңгейде болуы керек. Жағдайды шұғыл түсіндіре алу үшін, Аваиадиспетчердің жақсы қойылған дикциясымен мәнерлеп сөйлей білуі керек. Себебі, сөзбен коммуникацияға түсу, оның қызметінде маңызды орынға ие, яғни, тіл, тілдік қатысым заман талабына, қоғамның даму барысына қарай, технологиялар мен ғылым дамуына орай үнемі өзгеріске ұшырап отырады. Осы себептерден тілдік өзгерістерді зерттеу және білу заманауи қажеттілік болып табылады.

### Әдебиеттер

1. Фуко М. Слова и вещи. // Археология гуманитарных наук. – М.: Прогресс, 1994. – 364 с.
2. Дейк Ван Т. А. Язык. Познание. Коммуникация. // – Белград: БГК им. И.А. Бодуэна де Куртенэ, 2000. – 308 с.
3. Кубрякова Е.С. Язык и знание. На пути получения знаний о языке: Части речи с когнитивной точки зрения. Роль языка в познании мира. – М.: Наука, 2004. – 556 с.
4. Чернявская В.Е. Лингвистика текста: Поликодовость, интертекстуальность, интердискурсивность. Учеб. пособие. – М.: Либроком, 2009. – 248 с.
5. Красных В.В. Виртуальная реальность или реальная виртуальность? – М.: Наука, 1998. – 158 с.
6. Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – Волгоград: Перемена, 2002. – 390 с.
7. Baktiyarova R.M., Yessenova K.U., Zheltukhina M.R., Privalova I.V., Ponomarenko E.B. Le concept de “femme d'affaires” dans la linguaculture et le discours médiatique français // *XLinguae*, 2021, – P. 94-112 DOI: 10.18355/XL.2021.14.04.07 <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57415509500>
8. Карасик, В.И. Дискурсология как направление коммуникативной лингвистики // *Вестник Актуальные проблемы филологии и педагогической лингвистики*, 2016. – С. 17- 34.
9. Голованова Ж.З. Пособие по научному стилю речи: Основной курс. – М.: Наука, 1980. – 89 с.
10. Кибрик А.А., Плуныян В.А. Функционализм// *Фундаментальные направления современной американской лингвистики*. – М.: МГУ, 1997. – С. 276-339.
11. Суюнбаева, А.Ж. Социолингвистические аспекты функционирования языка в сфере авиации. дис. канд. филол. наук: 10.02.20. – Челябинск: 2021. – 221 с.
12. Ewa Lewczuk. La phraséologie de l'aviation : analyse de la communication entre le personnel navigant technique et le contrôle aérien. Mémoire M2 Domaine de linguistique appliquée: analyse de discours, Université de Varsovie, Pologne : 2019. – 120 p.
13. Stéphanie Lopez, Norme(s) et usage(s) langagiers : le cas des communications pilote-contrôleur en anglais. Thèse de doctorat, Université Toulouse le Mirail-Toulouse II, Toulouse, France: 2013. – 420 p.
14. Тұманқызы Р. Дискурс дефинициялары мен түрлері. // *Bulletin KazNU. Filology series*. №1(147). 2014. – Б. 210-214. URL: <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/download/87/85/169>.

**Г.О. ШАЛШЫКБАЕВА**

Казахский университет международных отношений и мировых языков  
имени Абылай хана, Алматы, Казахстан

**К.К. ДУЙСЕКОВА**

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

**Р.М. БАКТИЯРОВА**

Казахский университет международных отношений и мировых языков  
имени Абылай хана, Алматы, Казахстан

## КОНСТИТУТИВНЫЕ ОСОБЕННОСТИ АВИАЦИОННОГО ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ДИСКУРСА

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются конститутивные особенности профессионального авиационного дискурса, одного из видов институционального дискурса. Актуальность темы определяется возрастающей значимостью авиационного дискурса, его значимостью в жизни общества и необходимостью рассмотрения этого дискурса в динамике развития с учетом характера его конститутивных особенностей. В результате рассмотрения структурных особенностей дискурса определяются конститутивные особенности авиационного дискурса. В статье профессиональный дискурс рассматривается как результат деятельности коммуникативных отношений и познавательных процессов между людьми. Считается, что профессиональный дискурс как речевой акт протекает по-разному и отличается от обычных речевых актов. Анализ профессионального дискурса включает изучение языковых особенностей, характерных для определенной профессиональной сферы, ее коммуникативных особенностей, практик участия.

Цель анализа – определить особенности использования языка специалистами в процессе их профессиональной деятельности. В статье описаны некоторые лексические, синтаксические и просодические особенности профессионального дискурса, которые могут указывать на практическую значимость статьи. Рассматривается ряд особенностей авиационного профессионального дискурса, определяется особый характер авиационного дискурса. Изучая такие особенности авиационного дискурса, можно эффективно участвовать в коммуникации в этой области.

**Ключевые слова:** профессиональный дискурс, авиационный дискурс, конститутивные признаки, сфера, коммуникация.

**G.O. SHALSHYKBAYEVA**

Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Kazakhstan,  
Almaty

**K.K. DUISEKOVA**

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan,

**R.M. BAKTIYAROVA**

Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages,  
Kazakhstan, Almaty

## CONSTITUTIVE FEATURES OF AVIATION PROFESSIONAL DISCOURSE

**Annotation.** The article examines the constitutive features of professional aviation discourse as one of the types of institutional discourse. The relevance of the topic is determined by the growing importance of aviation discourse, the necessity in the life of society and the need to consider this discourse in the dynamics of development. New characteristics are revealed, as a result of considering each feature of the discourse. In the article, professional discourse is considered as a product, a result of people's social activity, interaction between people and their cognitive processes. It is believed that professional discourse as a speech act proceeds differently and differs from ordinary speech acts.

The analysis of professional discourse involves the study of linguistic features, participation styles and participation practices characteristic of a particular professional field. The purpose of the analysis is to understand the nature of language use and the linguistic features of specialists in the process of carrying out professional activities. Moreover, the article describes some lexical, syntactic and phonetic features of professional discourse, which may indicate the practical significance of the article. The article examines a number of features of aviation professional discourse, and determines the special nature of aviation discourse. It is necessary to study these features of aviation discourse for effective communication.

**Keywords:** professional discourse, aviation discourse, constitutive features, sphere, communication.

## References

1. Fuko M. Slova i veši. // *Arheologia gumanitarnykh nauk*. – M.: Progres, 1994. – 364 s.
2. Deik Van T. A. Īazyk. Poznanie. Komunikasija. // – Belgrad: BGK im. Ī.A. Boduena de Kurtene, 2000. – 308 s.
3. Kubrākova E.S. Īazyk i znanie. Na puti polucheniya znani o iazyke: Chasti rechi s kognitivnoi točki zreniya. Rōl iazyka v poznanii mira. – M.: Nauka, 2004. – 556 s.
4. Chernāvskaya V.E. Lingvistika teksta: Polikodovost, intertekstualnost, interdiskursivnost. Ucheb. posobie. – M.: Librokom, 2009. – 248 s.
5. Krasnykh V.V. Virtuālnoia reālnost ili reālnaia virtuālnoist? – M.: Nauka, 1998. – 158 s.
6. Karasik V.Ī. Īazykovoia krug: lichnost, konsepty, diskurs. – Volgograd: Peremena, 2002. – 390 s.
7. Baktiyarova R.M., Yessenova K.U., Zheltukhina M.R., Privalova I.V., Ponomarenko E.B. Le concept de “femme d’affaires” dans la linguaculture et le discours médiatique français // *XLinguae*, 2021, pp.94-112 DOI: 10.18355/XL.2021.14.04.07 <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57415509500>
8. Karasik, V.Ī. Diskursologia kak napravlenie komunikativnoi lingvistiki // *Vestnik Aktuālnye problemy filologii i pedagogicheskoi lingvistiki*, 2016. – S. 17-34.
9. Golovanova J.3. Posobie po nauchnomu stilü rechi: Osnovnoi kurs. – M.: Nauka, 1980. – 89 s.
10. Kibrik A.A., Plungān V.A. Funktsionalizm// *Fundamentalnye napravleniya sovremennoi amerikanskoi lingvistiki*. – M.: MGU, 1997. – S. 276-339.
11. Suiunbaeva, A.J. *Sosiolingvisticheskie aspekty funkcionirovaniya iazyka v sfere aviasii*. dis. kand. filol. nauk: 10.02.20.– Chelābinsk: 2021. – 221 s.
12. Ewa Lewczuk. *La phraséologie de l’aviation : analyse de la communication entre le personnel navigant technique et le contrôle aérien. Mémoire M2 Domaine de linguistique appliquée: analyse de discours*, Université de Varsovie, Pologne : 2019. – 120 p.
13. Stéphanie Lopez, *Norme(s) et usage(s) langagiers : le cas des communications pilote-contrôleur en anglais*. Thèse de doctorat, Université Toulouse le Mirail-Toulouse II, Toulouse, France : 2013. – 420 p.
14. Tūmanqyzy R. Diskurs definisialary men türleri // *Bulletin KazNU. Filology series*. №1(147). 2014. – B. 210-214. URL: <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/download/87/85/169>.

## Авторлар туралы мәлімет:

**Шалшыкбаева Гулбахыт Оспанбайқызы** – Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан.

**Шалшыкбаева Гулбахыт Оспанбаевна** – докторант Казахского университета международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, Алматы, Казахстан.

**Shalshykbayeva Gulbakhyt Ospanbayevna** – doctoral student at Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan.

**Дүйсекова Күләш Керімбекқызы** – филология ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Астана, Қазақстан.

**Дүйсекова Куляш Керимбековна** – доктор филологических наук, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

**Duisekova Kulyash Kerimbekovna** – doctor of Philology Sciences, professor L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

**Бактиярова Райгүл Мұратқызы** – философия докторы (PhD), Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан.

**Бактиярова Райгүл Мұратовна** – доктор философии (PhD) Казахского университета международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, Алматы, Казахстан.

**Baktiyarova Raigul Muratovna** – doctor of Philosophy (PhD), Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan.